



Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!  
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

# Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы  
маусымнан шығады



[WWW.Zhetysu-gazeti.kz](http://WWW.Zhetysu-gazeti.kz)



[Jetisu2002@mail.ru](mailto:Jetisu2002@mail.ru)

№ 11 (18287)

Сенбі, 28 қаңтар, 2016 жыл.

КЕЛБЕТ

Күданың күдіреті, біздің журналист ағайындардың айналасындағы жұрттан ат оздырып, алақайлар бір артықшылығы бар. Айталық, төрткүл дүниені төңкеріп тастауға қабілетті ғұлама ғалымдардың немесе ажал аузындағы бейбақтың бетін бері қаратар дауагәй дәрігерлердің есімін ел әрдайым біле бермеуі мүмкін. Ал көпшіліктің көкейінен шыққан көшелі дүниелер тудырған әріптестеріміз тез танылады. Бұл енді кез келген кәсіп иелерінің маңдайына бұйыра қоюы екіталай бақыт.

### ТУҒАН ЖЕРІМ – ТУҒЫРЫМ

Менің қазіргі мекенім Сарыарқа сауырындағы самаладай Астана мен кіндік қаным тамған Балқаш бауырындағы ауылымның арасында еңку-еңку жер жатыр. Кейде ерке Есілдің жағасында отырып,



# АДАЛДЫҚ АКСИОМАСЫ

## Көрнекті журналист-жазушы Жанат ЕЛШІБЕКТИҢ жан сыры

книрдағы Қараталымды аңсайтынымды қайтерсін. Санадағы сағыныш кеудені сыздатып, керемет сезімдерге бөлейді. Сондайда қолға қалам алып әдемі әсерлерімді ақ қағазға айшықтаймын. Өттен,

өзінің мектебінің жағымды жаңалықтарын жолдап жібер». Ауялу аманның әлгі сөзі әсер етіп, алғашқы мақалаларымды жаза бастадым. Соның нәтижесінде «Қазақстан пионерінде» (қазіргі

Алғашында ашулылау көрінген адуынды бастықтың бас-аяғымды барлай қарап, жылы жымғанын байқадым. Жаныма нұрлы шуақ құйған сол жалқы сөт, жалғыз ауыз сөз жадымда

сойдақтатып қолын қойды да, дереу баспаханаға жөнелтті. Ертесіне жоғары жақтан жұмсалған сойтан жұдырықтың сокқысын маған дарытпады. Бұл мыңнан бір мысал ғана. Осы шулы мақалам лездемеде мақталып, қызметтес қыз-жігіттер құттықтап жатты. Тек Оралхан Бөкеев қана еш үнсіз қалғанын іштей жаратпағанымды жасырмаймын. Алайда, үш күннен кейін Орекең аңқылдап бөлмеме келді де: «Әкелші қолыңды, бүгін ғана оқыдым. Көкейкесті проблеманы көтеріпсің», – деді. Көңілімде қатып үлгерген көк мұздың көбесі соғіліп қоя берді.

Қайран жиырма бестің кимас қызықтарға толы қырақасын аса бере «Социалистік Қазақстанға» шақырылды. Әрине, есімімді елге танытқан «Лениншіл жастан» кетудің оңай соқпағаны анық. Үзеңгі қағыстырып, қатарласа шапқан қаламдас-тарымды кимай үш жылдай жүрдім. Спорт тақырыбындағы репортаждары мен очерктерін қалың оқырман қауым сүйсіне оқыған Сейдағанның тақырып қоюдағы тапқырлығы, қарауындағы іні-қарындастарының қабілет көзін ашудағы көрегендігі, әркімді орнымен пайдалана білетін сұңғылалығы еріксіз бас шайқататын. Осындай білікті маманнан тәрбие алып, оң-солымды айырғанымды мақтан тұтамын.

«СҚ»-ның сыққан ұжымы мені бірден бауырларына тартты десем, өтірік айтқан болар едім. Алғашқы таныстыру жиналысында-ақ тарпа бас салғандар табылды. Қиғаштау кетіп, қиямпұрыстау сұрақ қойғандар кездесті. «Сені кім мұнда шақырды?» дегенде, күтпеген сауалға күмілжіп қалдым. Абырой болғанда, редактордың бірінші орынбасары ара түсті. «Онда сіздің шаруаңыз қанша, редакция алқасы солай шешті», – деді Балғабек Қыдырбекұлы әлгі ағайға ажырая қарап. Енді есімді жия бергенде «Шашың неге ұзын?», – деді екінші біреуі. Жастар газетінде жағамыз жайлауда жүріп үйреніп қалғандықтан бұл сауал қисынсыздыа сияқты көрінді. Кейінірек мұндағылардың жүріс-тұрысы мен киім киісіне дейін өзгешеуеу екенін ұқтым.

Басшымыз Сапар Байжанов салмақты мінезімен, барынша байыптылығымен ерекшеленетін. Өзі тамаша очеркист. Екінші орынбасары Сарбас Ақтаев та ақтангер журналист. Басқа да үлгі-өнеге аларлық ағаларымыз жетіп артылатын. Сойы бөлек сол сардарлардың сарбазы болып сондарынан ердім. Қызметтің қызығын да, шығығын да көрдік. Оны таңға ұрып айтып тауыса алмайсың.

«СҚ-ның» қыр-сырын менгеріп, әбден ысқылған кезімізде «Қазақ әдебиеті» «құда түспесі» бар ма. Күдіреті күшті Компартияның пәрменімен

сон келесі, қуаныш құшағындағы халықтың қайнаған ортасынан табылды. Сол жолы ағамызбен алғаш рет көп алысып, ертеден араласқан ескі таныстардай елжірей табыстық. Ол – қасиетті Қаратаалдың, мен – ағынды Ақсұдың тумасымыз. Асқар Алатаудың төгінен құлайтын қос өзеннің де Балқашқа барып құятыны аян. Түсіністігіміздің түп-төркіні тек жерлестікпен ғана шектелмегені сөзсіз. Бауырластықтың басқа да бастаулары баршылық болса керек.

Көңілді көкке өрлертер Көкжайлау төріндегі кездесу үстінде әңгімеленген көп жылдар естен шыққалы қашан. Алайда, жарқын жүзді жайсаң жанның аузын ашса көмекейі көрінетін көркем мінезінші ұмытылмастай әсерге бөлегенін айтуға тиіспін.

Ол туған өңірімен етене байланысын ешқашан үзген емес. Жерлестері де сүйсінуге тұрарлық сүйікті азаматын елдегі ерекше оқиға санатындағы салтанатты шараларға жиі шақырады. Сондай сапарлар аясында анда-санда жолығыссақ та сөлеміз суымай, ағалы-інілік қарым-қатынасымыз беки берді. Сыйластығымызға сызат түспеді. Үлкенді жасап үйреткен ақылдарына құлақ астым. Соның арқасында «Ойтоғанның соңғы орысы», «Шоқан түскен үй», «Жамбылдың жеке дәрігері» және басқа да мақалаларым «Егеменде» едел-желел жарық көріп жатты.

Аралас-құраластығымыз Астанаға көшіп келген соң тіпті арта түсті. Республиканың ресми үні – «Егемен Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы лауазымы қаншалықты ауыр жүк арқалатқанына қарамастан қаламын қантарып тастамағанына қайран қаласың. Күні-түні шапқалаудан шаршаймай көркем шығармалар жазуы шынымен таңдай қағарлық жағдай. Редакциядағы ең қиын өндірістік буынды басқару барысында небір күрделі істердің күрмеуін табуға тура келгені талассыз. Газетті безендіру, яғни нөмірге баратын әрбір материалды мағынасына қарай ұтымды орналастырып, оқырманға ұсыну өте үлкен өнер. Осынау орасан шаруаны Жәкең ұзақ жылдар бойы ойдағыдай орындады. Егер «Егемен» ақпарат құралдарының аламынында ылғи бәйгеңнің алдынан көрінуді дәстүрге айналдырса, оған Жанат Елшібектей жампоздың да қосқан үлесі қомақты.

Еңбек еш кеткен жоқ. Төгілген тердің төлеуіндей түрлі марапат белгілерді түгендеп жатудың, сірә, қажеті бола қоймас. Ең бастысы, алдыңғы буын да, кейінгі толқын да оның есімін айрықша ілтипатпен атайды. Қасындағы қанаттастары қадірлеп жатса, адамға одан артық қандай құрмет қажет.

1976 жылы жарық көрген «Жауқазын» атты тұңғыш деректі хикаяты жарасымды жалғасын тауып, әртүрлі баспалардан «Студенттік меридиандар», «Сен білесің бе?», «Алтын ұя», «Атамекен», «Қарлығаш», «Жоғалған теңіз», «Зере», «Шағалалар жылмай ма осы?», «Мың бір қызық», «Қош бол, теңіз», «Таным», «Уақыт – сынап», «Тағдыр желі» тәрізді публицистикалық-танымдық көркем әдеби кітаптары оқырман олжасына айналды.

Мерейтой қарсаңында көтеріңкі көңіл-күйде күлімдеп жүрген көкемізбен жуырда тағы жүздеп-сір, әріден қозғап әңгіме-дүкен құрудың орайы келген болатын. Қазақ бастасөзінде қайталанбас қолтаңбасын қалыптастырған тұғыры биік тұлғаның өнегелі өмір жолын өзімізше өрнектегенді жөн көрдік.

қос, жүргірген аяны деин жылрар ем.

Әйтсе де, суы күндіз күміс, түнде алтын болып ағатын Қаратаалдың өзіміз еспеттеуден әліміз жалыққан емеспін. Пешенемдегі перзенттік парызымызды өтеуге ұмтылмасақ, азаматтығымыз қайсы?

Кемеңгер жазушымыз Әбіш Кекілбайұлының пайымдауына, қалың жанысты Қаратаал бойында көмбесі көп тарихты жасырған көне қалалар болған көрінеді. Оның ойын осы өңірде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері де айғақтайды. Табылған жәдігерлер талай ғасырлық шежіреден тағылымды сыр шертеді.

Есімдері ұрпақтарының ұранына айналған небір жақсы-жайсаңдар өтіпті бұл өңірден. Елінің қамын жеген Ескенді, Балық билердің үлгі-өнегесі күні бүгінге дейін үзілмей келеді. Қасиетті өзеннің жағасында Айты би Жаубасарұлы, Бақай батыр, Мықтыбек батыр, Жәлменде би Байығашұлы, Пышан Жәлмендеұлы, Қоғал көріпкел, Қарынбай әулие Тәттібайұлы, Ұмтыл Қабылбекұлы, Тілеуұл батыр, Арқабай әулие секілді дүлдүлдер мен бұлбұлдар тамыл тапқан. Олардың бәрі арғы замандардағы арыстар. Ал берідегі асылдарымыз өз алдына бір төбе. Қазақ театр өнерінің қабырғалы қайраткерлері Қанабек Байсейітов пен Бикен Римова, әдебиетіміздегі детектив жанрының көпбасшысы Кемел Тоқаев, дарынды суретші Анарбек Нақысбеков, саңлақ спортшы Маулен Мамыров, «Халық қаһарманы» Азамат Жұмаділов, қадірі бөлек каламдас бауырларым Мұғалімбай Жылқыайдаров, Несіп Жауынбаев, Ордаш Кендірбаев, Әміре Әрін сынды марқасқаларымызды әрдайым мақтан тұтамыз.

Жерлестеріміз бүгінгі таңдағы әрбір жетістігіне жас баладай қуанып, жақсы істеріне жанашыр болып жүреміз. Өмір-өзеннің асау толқындары алысқа алып кеткенімен артымызда ақарлы-шағарлы ел-жұртымыздың барын ойлап, ішімізден тәубе етеміз.

## АНАМНЫҢ АҚЫЛЫ АДАСТЫРМАЙ КЕЛЕДІ

Соғыстан сорлаған халық елуінші жылдары ептеп еңсе көтере бастады. Әйтсе де тұрмысымыз әлі толықтай түзелі қоймаған. Төбесі Қаратаалдың нарқамсымын жабылған қоржын тамда қоныс тепкен ауыл мектебінде он бес шақты бала қысылақмытырыла отырып оқитынбыз. Бір аяғын майдан даласында қалдырып келген Базархан ағайынды сабақ сұрағандағы сұсынан қорқатынымыз сондай, кірерге тесік таппайтынбыз. Қабағынан қар жауған қаталдығының арқасында сапалы білім алдық. Ұлағатты ұстаз тәлімін бүкіл Сарыесік-Атырау аймағы аңыз қылып айтады. Жарықтық әрбір шәкіртінің көркем жазуға машықтануына қатты мән беретін. Қарындашты қатырып ұштауға үйрететін. Содан соң көбіейту кестесін күнде сұрайтын.

Алтыншы-жетінші сыныптарда әдеби шығармалар оқумен әуестеніп, жазу-сызуға үйірсектей бастадық. Өмірімізді осы өзгерісті аңғарған анам бірден маған мынадай ақыл айтты: «Ақыры нистің ауған екен, сен де көрген-білгенің мен көңілге тұяғениңді қағазға түсіріп байқасаң қайтеді? Қаламыңды ұштау үшін алдымен күнделік жазып дағдылан. Арғы жағын көре жатарсың. Андағы қолыңнан тастамайтын газеттеріңе ауыл-аймақтың,

«Июнёрлерге риза».

Тасқа басылған аты-жөнімді көрген ауылдастар арасында абырой-беделім артып, «Тілші бала» атандым. Мақалаларым бірінен кейін бірі жарияланып жатты. Жарамай қалғандары да жоқ емес. Олардың неге шықпағанын түсіндіріп редакциядағылар хат жібереді. Бір жақсысы, ешқайсысы бетіңден қақпайды. Келешегіңнен үлкен үміт күтетіндерін жеткізіп, жігеріңді жаниды. Келе-келе мөлтек әңгімелер, очерктер, этюдтер, суреттемелер жазып, балалар басылымдарынан басқа «Жетісу», «Спорт», «Лениншіл жас» газеттерінде де жонелуді тәжірибеге енгіздім. Жарияланғандарын жата-жастана оқып, өз көзіме өзін сенбеймін. Шынымен-ақ осыларды мен жаздым ба дегендей. Меніңше, бұл барлық әріптестеріміз бастан кешкен кеп болса керек.

Армандымыз аялап, қиялымды қияға серметкен анамды ылғи құрметпен еске аламын. Сол кісі салып жіберген соқпақ мені адастырмай алып келеді.

## «БЕРІНДЕР СҰРАҒАН ҚАҒАЗЫН!»

Қалам-қағазға қаршадайымнан құмарқанымды жоғарыда жеткіздім, білем. Сондықтан біресе ғарышкер, біресе инженер боламын деп солқылдамай, көмелеттік аттестат қолға тиісімен жүрегім қалаған журналистиканың арғымағын ауыздықтау үшін Алматыға аттандым. Ару шаһарға ат шалдырған бойда аласұрып, Коммунистік даңғылдың бойындағы 63-үйді іздедім. Өйткені, онда өзімің «Лениншіл жасым» орналасқанын білемін. ЦУМ-ның маңайындағы керек мекенжайға маңдай тірегесіммен ішке баса-көктеп кіруге батылым жетпеді. «Байғұс бала, сені мұнда кім күтіп отыр?». Санамды сан-саққа жүгірткен жайсыз сауалға жауап таппай сіл-пәл тосылғанымен белгісіз бір күш ішке қарай итермеледі. Жеделдете басып, үшінші қабаттағы «Лениншіл жастың» киелі табыл-дырығын аттағаныма аттай тулаған жүрегімің дүрсілін баса алмай аз-кем аялдадым. Аядай ғана дөліздің қабырғасы қатар-қатар есік екен. Шетінен ашық тұр. Қағазға қарап шұққия қалғандардың ай-наласындағылармен, менде шаруасы шамалы. Айдалаға аңырған ақ қояндай абыржып мен тұрмын. Кенет ұзын бойлы жігіт беймезгіл қонаққа бетін бұрды.

– Көне, бауырым, төрлет! Әкелген бірденелерің болса, қорсет. Мен Қалдарбек Найманбаев деген ағаммын.

– Ой, сізді білемін ғой. Әйгілі Әбілсейіт Айнанов, Тимур Сегізбаев туралы очерктеріңізді оқығанмын. Мен өздеріңіздің іштаттан тыс тілшілеріңізін... Міне, мынау газетке басылған материалдарымың қиындылары... Журфаққа тапсырмақпын... Соған анықтама берсеңдер жаксы болар еді...

Енді әрби берген ескуара әңгімемізді әлдекімнің әмірлі даусы бөліп жіберді.

– Қалеке, беттер қайда? Дайын ба?

Үлкенді сыйлап үйренген басым отырған орынман ұшып тұрып, қолымды ұсындым.

– Шераға, жас тілшіміз ғой. Университетке түспек. Журналист болмақпын. Бізден мінездеме сұрайды.

– Беріндер сұраған қағазын! Бәлкім, сенігі тіер...

тартпады. Әскери комиссариаттың куәлігі болмай, өткізген құжаттарым кері қайтарылды. «Жаны қысылған жақынын табдының» керімен қайтадан «Лениншіл жасқа» қарай жүгірдім. Өйткені, өкініштімі айтып, өкісігімді басатын басқа жанашырым жоқ еді. Мені мүшкіл халімді көріп, мұңды көңілімді жұбатқан журналистер уақыты ұттырмай КазПИ-дің филфағына бару жөнінде кенес берді. Мұғалім болғым келмейтінін алға тартып, ат-тонымды ала қашам, олар өздерінің уәждерін айтып әлек. «Балақай, сен алдымен түсіп алсаңшы. Кейін ауысып кетерсің. Әйтпесе, мүйізі қарағайдай біраз мықты журналистер мен жазушылар сол КазПИ-ді бітірген».

Сонымен қойшы, ағаларымның сөзін жерге тастамадым. Емтиханда жазған шығарманың бірінші бетіне «Лениншіл жастың» берген мінездеме-нін қыстырып жібердім. Кім біледі, Шераған айтқандай бір сенгігі тиген шығар. Әйтеуір, білім бәйгесінде бағым жанып, студенттер қатарына қабылдандым.

## МҰРТАЗА, БЕРДІҚҰЛОВ, БАЙЖАНОВ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

Жастайымнан жансерігім болған жазу-сызуды студенттік шағымда одан сайын шираттым. Сабақтан бос уақыттарда редакцияларды жағаладым. Бойымдағы қабілет ұшқындарын қалайда өшіріп алмау үшін үнемі ізденіс үстінде жүруге талпындым. Көбінесе газет бөлімдерінің тапсырмаларын орындаймын. Соңғы курсты аяқтауға жақын қалғанда «Лениншіл жастың» жауапты хатшысы Сәбит Жиренов пен оның орынбасары Серік Әбдірайымов қолынан жетектеп, редактор Шерхан Мұртазаевқа алып барды. «Анадағы айтқан жігітімсі осы» деді екеуі аямдық-саулық сұрасқаннан кейін. Сөздерінің сыйнаына қарағанда мені жұмысқа қабылдамақ. Баяғы таныс дауыс гүж ете қалды.

– Әй, кроссвордшы, секретариатқа салып жіберсек, жұмысты алып кетесің бе?

– Институтта оны оқытқан жоқ қой. Ештеңе етпес, үйіренермін...

– Білем оқытпағанын. Ерінбей еңбектенсең, еңсермей немене?! Мақет сызу қиыннан қиыстырып сөзжұмбақ құрастырудан ауыр деймісің. Давай, іске кіріс!

Талай таланттың тастауын кесіп, томағасын сыйырған «Лениншіл жастың» нойндары қатарына қалай қосылып кеткенімді тіпті білмей қалдым.

Бір жылдан кейін Шераған «Жалын» журналына бас редактор болып кетті де, оның орнына Сейдахмет Бердіқұлов келді. Ең жағабы, екеуі рух-та-тұғын. Қос реформатор-редактордың ұтжан-дылық ұстанымдары бір-бірінен алшақ кетпейтін. Олар қоғамның қотырын қасыған, қордаланған мәселелерін қозғаған өткір тілшілерін қолдай да, қорғай да білетін. Біліктің тарапынан үйірілген биікке өздерінің жоңарқаларын тосатын. Ешқайсымызды ешкімге жығып бермейтін. Батыр басын барда сен де ештеңеден сенекенбі, жан-жағыңа жалтақтай қаламды еркін сілтейсің. Елдік мүдделерді екіпеш, әлсіз әлеуметтің жоғын түгендейсің. Бірде балықшылар өмірінен «Шағалалар жылмай ма, осы?» деген оптимистік очерк жаздым. Ащы сынның аяғы у-шуға ұласатынын сезе тұра, Сейдаған мақаланың шекесіне солақай қолымен

де он алғашы бет болып шығатынын естідік демек, жаңа кадрлар алу қажеттігі туындаған ғой. Сол себеппен Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Жұбан Молдағалиевтің кабинетінен бір-ақ шығайын.

– Қарағым, бізге жаңаша ойлайтын жауапты хатшы керек. Соған лайық кандидаттар ретінде жігіттер сенің атыңа атады. Мен өзi о пен отты ортасында майдандық газет шығарған адаммын. Бұл жұмыстың маңақатын бір кісідей білемін. Сондықтан сені пікірлесуге шақырттым, – деді Жұбаған меймөңкелеп жатпай.

Қысқасы, мені жауахатшылыққа алатын болды Онымен қоймай, төрт бөлмелі пәтер бөлмек. Ілешала сол заманның тәртібімен Орталық Комитеттің сүзгісінен өттім. Үгіт-насихат жағына жауапты Әбіш Кекілбаев пен Мұқан Мамажанов оң қабақ танытып, сөттілік тіледі. Өне-міне ауысмаын деп аумалы-төкпелі көңілмен жүргенімде Сапекен шақырып алып, ЦК-ның секретарымен менің мәселем жөнінде сөйлескенін, сондағы уағдаластық бойынша ешқайда кете алмайтындығымызды «естіртті».

Міне, осылайша бас басылымдағы жұмысымызды жалғастыра бердім.

...1989 жылдың қарашасында Шераған бізге басыу болып тағайындалды. Қайта құру қарқын-дап, жариялық жалаулап тұрған тұс қой. Уақыт уыты өз орнектерін салмай қоймайды екен. Оңды өзгерістер өркен жайып, жаналықтар лебі есті.

ЦК-ның идеология жөніндегі хатшысы, халқымыздың біртұар перзенті Өзбекәлі Жәнібеков өзі ертіп әкеліп ұжыммен таныстарында Шераған темірқазық ұстанымын бірден білдіріп, алдағы бағытын айқындап алды.

– Өзеке, газетті өзгерт деп жатырсыздар. Ол ең алдымен мына отырған журналистерге байланысты нәрсе. Менің мықты журналистер жасайтын құдіретім жоқ. Өйткені, Жаратушы емеспін. Ал бұлар айтқанымызды орындап, ақылымды тыңдаса, бірдене тындыруға болады. Біз енді сынды көбейтеміз. Шырылдаған шындықты созамыз. Сіз соған қамқор болыңыз, – деді сөзінің соным нызғыздап.

Шерағанның уәде үдесінен шыққаны баршаға аян. Жұрт білетін белгілі жайларды бекерге қайталап жатпайын. Жырма жылдан кейін қайта қауышқан қадірлі жанның қарамағында газеттің жауапты хатшысы қызметін қал-қадірімше атқарып бақтым. Сындарлы сөттерде сыр бермеуге тырыстым.

...Журналистік тұмырымда қазақтың аса қорнекті азаматтарымыз қызметте болғанымыз өзіме зор мәртебе санаймын. Соған сан мәрте шүкіршілік қыламын.

\* \* \*

Қашан көрсең де жарау аттай жайтандаған серек қалпынан айнымайтын Жанат Елшібектің қазір де қарап жатпағанынан хабардармыз. Өткенде өзара әңгіме үстінде екі кітаптың сиясы кептескен қолжазбасын баспаға тапсырғанын айтып қалды. Не туралы дейсіздер ғой? Оны бұйырса, оқи жатарсыздар...

Өмірлік ұстанымы адалдық аксиомасы іспетті Жан-аға, жазарыңыз көбейіп, оқырманды қуанта беруіңізге тілектесіп!

Талғат БАТЫРХАН,  
республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің мәдениет және руханият бөлімінің меңгерушісі.

Астана қаласы.